Особенно ей запомнился 2004 год, когда студенты кафедры приняли участие в конкурсе журналистских работ в Астане с видеороликом на тему «Мой Казахстан».

«Мы тогда заняли второе место. Для университета это было неожиданностью. После этого на нашу специальность начали смотреть совершенно иначе».

Она с теплотой вспоминает студентов того времени, которые буквально жили своей профессией.

«Ребята могли с утра до вечера сидеть в лаборатории, монтировать, записывать, работать над роликами. Это было настоящее творчество».

Среди выпускников кафедры Тулебике Алимжановна особенно отмечает Анжелику Кареткина, которая позже работала на 31 канале, а также студентов, сотрудничавших с КТК и другими крупными СМИ Казахстана.

По её словам, университет уже тогда уделял большое внимание материально-технической базе.

«Когда приезжали комиссии и аттестации, многие удивлялись нашей лаборатории и оборудованию. Некоторые вузы даже говорили, что завидуют нам».

Изменения в системе образования

За годы работы Тулебике Алимжановна стала свидетелем масштабных изменений в казахстанском высшем образовании. Она вспоминает переход от пятилетнего специалитета к Болонскому процессу, внедрение бакалавриата и магистратуры, изменение образовательных стандартов и квалификационных требований.

«Мы пережили очень много реформ. Раньше была пятилетка, потом пришёл Болонский процесс, изменились требования, сократилось количество часов».

По её словам, КазУМОиМЯ одним из первых начал разрабатывать стандарты по связям с общественностью и международным коммуникациям.

Также университет активно сотрудничал с Министерством иностранных дел Казахстана. В те годы кафедра международных коммуникаций готовила специалистов по консульской службе и документоведению, а лучших студентов отправляли на практику в МИД.

«Каждый год я устраивала наших студентов на практику в Министерство иностранных дел. Многие потом сделали хорошую карьеру».

«Главная ценность — честность»

Несмотря на изменения времени, главной ценностью университета Тулебике Алимжановна считает честность и уважительное отношение к людям.

«Самое главное — у нас нет коррупции. Студенты получают те баллы, которые действительно заслуживают».

Она подчёркивает, что университет всегда уважительно относился к преподавателям и поддерживал сотрудников, многие из которых работают здесь десятилетиями.

«Люди уверены, что нужны своему университету независимо от возраста. Это тоже очень важная черта».

Взгляд в будущее

Сегодня Тулебике Алимжановна уверена, что главная сила КазУМОиМЯ — в подготовке специалистов в области иностранных языков, международных коммуникаций, переводческого дела и педагогики.

«Наш университет всегда был сильным именно в подготовке учителей иностранных языков, переводчиков, специалистов по международным коммуникациям. И он должен оставаться на передовых позициях».

Она отмечает, что выпускники университета востребованы в самых разных сферах — от образования и журналистики до дипломатии и международных организаций.

В завершение интервью профессор обратилась к студентам с пожеланием использовать годы учёбы не только для отдыха, но и для саморазвития.

«Молодость — это время, когда нужно наполнять себя знаниями и хорошими целями. Главное — не прожигать жизнь, а наполнять её интересным содержанием».

К 85-летию университета Тулебике Алимжановна пожелала КазУМОиМЯ сохранять свои позиции среди ведущих вузов Казахстана, продолжать развивать образовательную среду и не терять ту особую атмосферу, благодаря которой университет для многих поколений студентов остаётся по-настоящему родным местом.

АЛТЫН ОРДА ЖЫЛНАМАСЫ – АДАМЗАТҚА ОРТАҚ ТАРИХ

Үстіміздегі жылдың 19 мамырында Астанада өткізілген «Алтын Орда – дала өркениетінің үлгісі: тарих, археология, мәдениет, бірегейлік» атты халықаралық симпозиум еліміз өміріндегі маңызды оқиға болды.

Симпозиумның мақсаты – Қазақстан Республикасын Алтын Орда мұрасын зерттейтін жетекші халықаралық орталық ретінде таныту, сондай-ақ Жошы ұлысының саяси, экономикалық, мәдени және рухани мұрасын кешенді талдау арқылы Орталық Еуразия өркениеттерін зерттеу саласындағы елдің ғылыми әлеуетін көрсету және оның Еуразиядағы қазіргі интеграциялық үдерістер үшін маңызын айқындау.

Бұл ғылыми форумның басты мәні Алтын Орданы тек ортағасырлық мемлекет ретінде ғана емес, Еуразиядағы мәдени, саяси және экономикалық байланыстарды қалыптастырған ірі өркениет кеңістігі ретінде қарастыру. Жошы ұлысының тарихы дала мен қала мәдениетінің, сауда жолдары мен дипломатиялық байланыстардың, түрлі діндер мен тілдердің өзара ықпалдастығын көрсетеді.

Осы алқалы жиынның ашылу салтанатында сөз сөйлеген Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаев симпозиумның ЮНЕСКО сияқты беделді жаһандық ұйым аясында өтуін Алтын Орда мұрасының әлемдік ауқымдағы мән-мағынасы зор екенін ерекше атап көрсетіп, Алтын Орданың экономикалық құрылымын жан-жақты зерттеуді ұсынды.

Мемлекет басшысы Алтын Орданың тарихын тек әскери-саяси тұрғыдан бағалаудан аулақ болып, оның рөлін жаңаша пайымдау керек екенін айтты, симпозиум Алтын Орда мен Ұлы дала тарихын зерделейтін түрлі мектеп өкілдерінің басын қосып отырғанына, бұл – өте маңызды мәселе екендігіне назар аударды.

«Түптеп келгенде, Алтын Орда жылнамасы – адамзатқа ортақ тарих. Бүгін өтіп жатқан бірегей симпозиум әлемдік ауқымдағы мұраны жүйелі зерттеу жұмысын жаңа сапалық деңгейге көтереді деп сенемін. Осы жерде отырған ғалымдар мен сарапшылар бұл міндетті іске асыруға елеулі үлес қосуда. Бұл маңызды жұмыста сіздер оң нәтижеге қол жеткізесіздер деп сенемін» деп айта келіп, Қазақстан Алтын Орда тарихын әлемдік жылнаманың күрделі, сан салалы кезеңі ретінде қарастыратынына тоқталды.

Алтын Орда тұжырымдамасы ұлттық тарихқа еніп, қайта жаңғыра бастады. Сонау XIX ғасырда Шоқан Уәлихановтың өзі Алтын Орда тарихымыздың бір бөлшегі екенін айтқан. Кеңес дәуірінде идеологиялық себептерге байланысты бұдан бас тарттық. Енді міне Қасым-Жомарт Тоқаев Алтын Орда феноменін мыңдаған жыл бойы Еуразия жүрегінде қалыптасқан бай интеллектуалдық кеңістіктен бөліп қарай алмайтынымызды, орта ғасырларда Ұлы дала озық

идеяларды ұсынған әлемдік орталықтардың біріне айналғаны мәлім екенін сөз етті.

Алтын Орда – тек өткеннің тарихы емес. Бұл – Ұлы дала өркениетінің жаһандық деңгейдегі тарихи ізі, мемлекет құру мәдениеті мен Еуразия кеңістігіндегі өркениеттік ықпалдың символы. Президентіміз ұлттық тарихты терең зерделеу – болашақ сананы қалыптастырудың негізі екенін бірнеше рет атап өтті.

Алтын Орда – Қазақ хандығының тарихи бастауы. Дәл осы кезеңде түркі-мұсылман өркениетінің негізі қаланып, мемлекет басқару жүйесі, сауда, дипломатия, мәдениет пен ғылым дамыды. Бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттік рәміздері мен ұғымдарында да сол дәуірдің ізі сақталған. Мәселен, «Ақ Орда» атауы Жошы Ұлысы билеушілерінің ордасымен тарихи сабақтас болса, ұлттық валютамыз – «теңге» атауы Алтын Орда дәуіріндегі ақша айналымынан бастау алады.

Президенттің пайымдауынша, тарихи білім мен мұра ең алдымен халықтардың арасын жақындататын алтын көпір қызметін атқарып, әділетті әрі қауіпсіз әлем құруға тікелей ықпал етуі тиіс. Сонымен қатар, Қасым-Жомарт Тоқаев Алтын Орда мемлекетінің өз заманындағы өзге көптеген елдермен салыстырғанда, өзінің даму жолында стратегиялық ашықтық қағидатына өте берік болғанына ерекше назар аударды. Осы ретте ортақ тарихи мұраны зерделеуде ғылыми қауымдастықтың рөлі айрықша екенін мәлімдеді.

Қасым-Жомарт Тоқаев жалпыұлттық референдумда қабылданған жаңа Конституцияда Ұлы дала сабақтастығын сақтау қастерлі парыз ретінде нақты көрсетілгенін айтты. Оның сөзінше, Қазақстан мемлекет ісінде «Мәңгілік ел» идеясын ту еткен Алтын Орданың тікелей мұрагері болып саналады.

Мемлекет басшысы К.Тоқаев қатысқан симпозиум тарихқа жаңа салмақ берді. Бұл ретте Алтын Орданың тарихы бізге бір маңызды ақиқатты еске салады: мемлекеттің шынайы күші – өртүрлі мәдениеттер мен халықтарды ортақ құндылықтар төңірегіне біріктіре алуында.

Симпозиум қорытындысында қабылданған Астана декларациясы тарихи мұраны сақтау, ғылыми ынтымақтастықты дамыту және өркениетаралық диалогты нығайту бағытындағы маңызды халықаралық құжатқа айналары сөзсіз. Президент бұл құжаттың Алтын Орданың тарихы мен оның бай мұрасын зерттеу, насихаттау бағытындағы кешенді жұмыстарға жаңа және тың серпін беретінін атап өтті.

Президенттің сөзінше, түрлі ел ғалымдарын тоғыстырған симпозиум Ұлы дала тарихын терең зерделеуге тың жігер беріп, адамзатқа ортақ тарихи мұраны жүйелі зерттеуге жол ашады.

Ұлы дала тарихын зерттеу – өткенді ғана тану емес. Бұл – болашақтың рухани іргетасын қалыптастырып, тарихи жадымызды жаңғыртуға, ұлттық сананы күшейтуге мүмкіндік беретін тағылымды белес.

Нүргүл Жанақова,
Қазақстан тарихы кафедрасының профессоры

«Халықаралық турбуленттілік жағдайындағы Шанхай ынтымақтастық ұйымы аясындағы Қазақстан мен Қытай ынтымақтастығы» тақырыбында сараптамалық талқылау

2026 жылғы 14 мамырда Қазақ Абылай хан атындағы халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті базасында «Халықаралық турбуленттілік жағдайындағы Шанхай ынтымақтастық ұйымы аясындағы Қазақстан мен Қытай ынтымақтастығы» тақырыбында сараптамалық талқылау өтті.

Іс-шараға академиялық қауымдастық пен сарапшылық орталардың өкілдері қатысты. Қатысушы ұйымдар қатарында Қытай халықаралық зерттеулер академиясы, Шығыс Қытай педагогикалық университетінің Ресей және Еуразия институты, ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Мәдениеттерді жақындастыру халықаралық орталығы, ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, Қазақстан-Неміс университеті және ЮНЕСКО қамқорлығындағы Мәдениеттерді жақындастыру халықаралық орталығы бар.

ҚазХҚЖӘТУ оқу жұмысы жөніндегі проректоры Күліпа Шәріпқанқызы Байсұлтанова құттықтау сөз сөйледі. Кездесудің модераторы ретінде ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институтының Салыстырмалы саяси зерттеулер орталығының жетекшісі, философия ғылымдарының кандидаты Айдар Молдашұлы Әмірбаев сөз сөйледі.

Талқылау барысында халықаралық қатынастар трансформациясының өзекті мәселелері, ШЫҰ-ның өңірлік тұрақтылықты қамтамасыз етудегі рөлі, сондай-ақ Қазақстан мен Қытай ынтымақтастығының экономика, цифрландыру, жасанды интеллект, киберқауіпсіздік және гуманитарлық өзара іс-қимыл салаларындағы перспективалары

қарастырылды. Қатысушылар көпоярлы әлемнің қалыптасуы жағдайындағы орта державалардың рөліне, сондай-ақ интеллектуалдық дипломатия мен ғылыми-білім беру серіктестігінің маңыздылығына ерекше назар аударды.

ШЫҰ бүгінде тек қауіпсіздік тетігі ғана емес, сонымен қатар саяси диалогтың, экономикалық ынтымақтастықтың және мәдениетаралық алмасудың маңызды алаңы екені атап өтілді. Қатысушылар «Бір белдеу — бір жол» бастамасы аясындағы Қазақстан мен Қытай өзара іс-қимылының стратегиялық маңызын, сондай-ақ академиялық алмасуларды, бірлескен зерттеулерді және жаңа буын мамандарын даярлауды кеңейту қажеттігін атап өтті.

Еркін пікір алмасу аясында сараптамалық ынтымақтастықты дамыту, экономикалық және білім беру байланыстарын нығайту, сондай-ақ университеттердің еуразиялық ынтымақтастықтың интеллектуалдық платформасын қалыптастыруға қатысуын кеңейту жөнінде ұсыныстар айтылды.

К.Ш. Байсұлтанова,
оқу жұмысы жөніндегі проректор м.а.



Survive, Don't Burn Out: A Student's Guide

"I'm burned out. I don't feel like doing anything anymore." This phrase is becoming a common refrain in university hallways. As students juggle academics, activities and personal well-being, many are pushed to the edge of emotional and physical exhaustion. The cycle of assignments, deadlines, and high expectations creates a chronic level of stress, which inevitably may lead to a decline in motivation and academic performance.

As part of my academic research, I conducted a survey among students aged 18 to 25 to determine burnout factors. The data confirms that 44% of respondents reported a frequent lack of desire to work, while 38% noted a considerable decrease in motivation. Furthermore, a significant number of students also identified emotional instability as a constant aspect of their daily lives.

Contrary to the common stereotype that burnout is simply the byproduct of poor time management, the survey findings suggest that the roots of the problem are much deeper. The primary drivers include high academic workloads, the struggle to balance studies and part-time employment, and the repetitive tasks that students face every day.

For students, understanding the real causes of burnout is only the first step — the next is learning how to navigate the academic marathon without burning out. Here are three simple yet effective strategies:

First, build a system that works for you. Structure your day by setting clear priorities: urgent, important, and optional. Tackle your most demanding tasks

in the morning, when your energy is at its peak — this could be studying or preparing for exams. Less critical but still important tasks can be scheduled for later in the day, while non-essential activities — like socializing or minor chores — can be postponed if needed. This approach helps distribute energy wisely, making your day productive without overwhelming you.

Second, don't underestimate the value of the rest. It is important. Many people think rest means lying down and scrolling on their phone — but that's a misconception. Inactivity is not real rest or recovery — this kind of leisure only brings in excess information and overloads the brain. Sometimes true rest comes from a change of activity, when you engage in things that bring you satisfaction, and when you remove yourself from high-pressure environment.

Finally, make time for your favorite activities. Whether it involves physical movement like walking and dancing to boost your mood, or shifting focus through reading and music to allow the brain to relax, these moments are vital. Engaging in creative outlets like cooking, drawing, or a lifelong hobby provides a necessary space for self-expression that does more than just brighten your day.

Burnout is not just a personal struggle — it is a shared student experience. While managing your time effectively, learning how to rest and recharge is what truly ensures your long-term success. After all, university is not only about surviving deadlines, but also maintaining energy and motivation to keep moving forward.

Merey Baitemirova, 3rd year Journalism program student
Aigul Kudiyarova, Senior lecturer, Department of International communications

Практико-ориентированная гостевая лекция по вопросам международной торговли для студентов 1 курса ОП «Международный бизнес»



4 мая 2026 года для студентов 1 курса образовательной программы «Международный бизнес» факультета «Международных отношений, права и бизнеса» КазУМОиМЯ имени Абылай хана в рамках дисциплины «Международные экономические отношения» была организована гостевая лекция на тему «Адаптация бизнеса к новым условиям международной торговли».

Спикер — Сабит Нарбаев (MBA, CMS), директор по экспорту ТОО Dolce, эксперт в области внешнеэкономической деятельности:

- более 9 лет работы в экспортном агентстве и международных проектах по развитию экспорта;
- стажировки в агентствах по развитию экспорта США, Кореи и Малайзии;

- сертификат Института экспорта (Великобритания);
- тема диссертации: «Стратегия выхода компании на международные рынки».

В ходе лекции студенты получили практико-ориентированные знания о современных тенденциях международной торговли, особенностях выхода компаний на зарубежные рынки и механизмах государственной поддержки экспорта.

В рамках встречи были рассмотрены ключевые вопросы:

- адаптация бизнеса к изменениям глобальной торговли;
- выход на международные рынки;
- инструменты государственной поддержки экспорта.

Такие встречи способствуют формированию практических навыков у студентов и укрепляют связь между образованием и бизнес-средой.

Организатор гостевой лекции: к.э.н., асоц.профессор кафедры «Международный бизнес» Читанова Сандугаш Оксикбаевна.

Г.Т. Мынжанова,
зав.кафедры МБ, доктор PhD

Шетелдік білім — жаңа көзқарас



UKM

Қазіргі таңда қазақстандық жастар дамыған елдерде білім алып, тәжірибе жинақтау арқылы білім көкжиегін кеңейтіп келеді. Шетелде оқу — жаңа мүмкіндіктерге жол ашып, ғылым мен білім саласында тың идеялармен танысуға мүмкіндік береді. Өзге елдің білім беру жүйесін көру, халықаралық студенттермен тәжірибе алмасу — болашақ мамандардың кәсіби дамуына үлкен әсер етеді. Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті студенттерге түрлі гранттар, жобалар, тағылымдамалар және академиялық ұтқырлық бағдарламалары арқылы қолдау көрсетіп келеді. Ғылым шекараны таңдамайды, сондықтан халықаралық ынтымақтастық білім сапасын арттыруға ықпал етеді.

Мен де осы мүмкіндікті пайдаланып, Малайзиядағы Universiti Kebangsaan Malaysia университетінде білім алу бақытына ие болдым.

Universiti Kebangsaan Malaysia — үлкен кампусы бар заманауи оқу орны. Мұнда студенттерге барлық жағдай жасалған: факультеттер мен жатақханалар арасында тегін автобустар жүреді, тәулік бойы жұмыс істейтін кітапхана, интернет желісі, спорт орталықтары бар. Университет кітапханалары зерттеу материалдарына бай, студенттерге білім алу үшін кең мүмкіндіктер ұсынылған.

Оқу жүйесінің басты ерекшелігі — практикалық білімге басымдық берілуі. Студенттер белгілі бір топқа ғана бекітілмей, басқа факультеттердің де пәндерін таңдап оқи алады. Сабақтарда теориядан гөрі практикалық тапсырмалар, кейс талдау, шығармашылық жұмыстар көп беріледі. Осындай тәсіл студенттердің кәсіби дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

Оқу барысында мектепте тәжірибеден өтіп, 9-сынып оқушыларына сабақ бердім. Сондай-ақ language camp аясында оқушылармен түрлі сабақтар мен қосымша іс-шаралар ұйымдастырдым. Кейбір пәндерде анимациялық фанфикшн жасап, электронды кітап дайындау сияқты шығармашылық жұмыстар орындадық. Бұл сабақтар студенттердің креативті ойлауын дамытуға бағытталған.

Университет практикалық тәжірибе жинау үшін студенттерді тек мектептерге ғана емес, балалар үйіне, түрлі ірі компанияларға да жібереді. Шетелде білім алу студенттердің өміріне түрлі әсер етеді. Өзгеріс бар, қозғалыс бар, жаңару бар.

Ең бастысы, ғылымды есеп үшін емес, сапа мен нәтиже үшін дамыту қалыптасқанын байқауға болады. Медиа кеңістікте ғылымдағы тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету — жалпы сапаны арттыру үшін маңызды.

Шетелде оқудың өзіндік ерекшелігі мен талаптары бар. Жаңа нәрсе үйренемін дейтіндер үшін тәзімділік қажет. Оқудың қиындығына емес, нәтижеге мән берсе, бәрі де жақсы болатынына сенемін.

Шетелде оқу тек білім алумен шектелмейді. Мұнда әртүрлі елден келген студенттермен танысып, мәдени тәжірибе алмасуға мүмкіндік туады. Канадада, Францияда, Индонезияда, Қытайда, Жапонияда және Кореяда оқитын студенттермен достасып, бір-біріміздің мәдениетімізбен таныстық. Осындай ортада оқу адамға жаңа көзқарас қалыптастырып, дүниетанымды кеңейтеді.

Малайзияда түрлі мәдени және шығармашылық шаралар да ұйымдастырылады. Соның бірі — «ASEAN Art Festival» халықаралық фестивалі. Бұл фестивальге Азия елдерінен келген студенттер мен өнерпаздар қатысты. Осы фестивальде қазақ елінің атынан өнер көрсетіп, малай тілінде ең орындау байқауында жүлделі III орынға ие болдым. Сонымен қатар гала-концертте өнер көрсеткен қазақ студенттері II орынды иеленді. Бұл жетістік мен үшін үлкен тәжірибе ері зор мақтаныш болды.

Малайзия — мәдениеті бай, табиғаты әсем ел. Оқу барысында елдің түрлі қалалары мен тарихи орындарын аралап, жергілікті халықтың өмір салтымен таныстым. Әртүрлі мәдени ортада өмір сүру ағылшын тілін дамытуға және жаңа достар табуға мүмкіндік берді.

Шетелде оқу — ерік-жігерді, еңбекті, көп ізденісті, өз бетінше үйренуді талап етеді. Жат жерде жүріп оқудың қиындығы мен ауыртпалығына қарамастан, қарым-қабілеті мен білім-біліктілігін тереңдетіп жүрген жастар көп.

Білім — болашаққа салынған жарқын жол.

Асанова Жұлдыз, 3-курс студенті
ББ «Шет тілі: Екі шет тілі»

Как k-culture воспринимается в странах Центральной Азии

В настоящее время я обучаюсь в Казахстане по программе академической мобильности. Находясь в Южной Корее, я не до конца осознавал, насколько значимой является K-culture. Выросший в корейской культурной среде, я воспринимал её как нечто само собой разумеющееся. Я, конечно, знал, что мир увлечён корейской культурой, но не задумывался об этом глубоко. Однако, приехав в Казахстан и увидев всё своими глазами, я изменил своё мнение. В Алматы можно встретить магазины корейских брендов, включая CU, рестораны корейской кухни и даже специализированные магазины с корейскими продуктами. Это свидетельствует о заметном уровне культурного присутствия Кореи в городской среде.

С развитием эпохи социальных сетей «корейская волна» распространилась по всему миру, привлекая всё больше людей, и стала важной частью глобального культурного обмена. Это действительно удивительное явление, которое вызывает чувство гордости. Осознав это, я заинтересовался причинами такого феномена, особенно различиями в восприятии K-culture в странах Центральной Азии.

Несмотря на тесные исторические и культурные связи между этими странами, восприятие корейской культуры заметно различается по уровню и характеру. Казахстан можно рассматривать как наиболее развитую модель распространения K-culture в регионе. Здесь наблюдается не только высокий уровень потребления корейского контента, но и наличие культурных центров, языковых курсов и образовательных программ. Крупные города, такие как Алматы и Астана, создают благоприятную среду для активного участия молодёжи в глобальных медийных трендах. В результате Казахстан можно назвать страной с квази-институционализированным восприятием K-culture, где

цифровые фан-сообщества развиваются параллельно с полноценной культурно-образовательной инфраструктурой.


В Узбекистане, в отличие от Казахстана, K-culture развивается в основном через цифровые платформы. Молодёжь активно вовлечена в онлайн-сообщества, где потребляет корейский контент – музыку, дорамы и видеоматериалы. Однако офлайн-инфраструктура фан-культуры развита слабее. Танцевальные кавер-группы и фан-сообщества существуют, но в ограниченном масштабе и без устойчивой институциональной поддержки. Таким образом, Узбекистан можно рассматривать как формирующий цифровой рынок K-culture, где ключевую роль играет онлайн-участие молодёжи.

Кыргызстан демонстрирует наиболее сдержанную и в определённой степени консервативную модель восприятия. Несмотря на интерес к K-pop и корейским дорамам среди городской молодёжи, исследования указывают на более осторожное отношение со стороны общества в целом. Это связано как с ограниченными экономическими ресурсами и доступом к платным цифровым платформам, так и с более традиционными социальными структурами. В отличие от Казахстана, институциональная поддержка K-culture здесь развита минимально, что влияет на масштабы её распространения.

Таким образом, в Центральной Азии K-culture развивается по трём различным траекториям: в Казахстане – через институционализацию и активную интеграцию, в Узбекистане – через селективное цифровое принятие, а в Кыргызстане – в условиях культурной осторожности и ограниченного распространения. Эти различия подчеркивают, что глобальные культурные процессы не могут быть универсальными и всегда адаптируются к локальным социальным и экономическим условиям.

Chung Johyun, 3 курс, ОП «Журналистика», студент, обучающийся по программе академической мобильности (Южная Корея)

Миланға апарар арман жолы: академиялық ұтқырлықтағы өмірім



Мен – Рамазан Сания Айбекқызы, туризм мамандығының 3 курс студентімін. Өмірімдегі ең маңызды әрі есте қаларлық кезеңдердің бірі – академиялық ұтқырлық бағдарламасы арқылы Италияның сән мен мәдениеттің ордасы саналатын Милан қаласында 5 ай білім алу мүмкіндігі болды.

Бұл шешім бір күнде қабылданған жоқ. Бала кезімнен атам менің шетелде білім алғанымды армандайтын. Оның осы арманы менің ішкі мақсатымның бір бөлігіне айналды. Бір күні университеттің Instagram парақшасынан академиялық ұтқырлық туралы хабарламаны көріп, бірден қызығушылық таныттым. Менің мамандығым Италияға тек бір ғана орын бөлінгенін білгенде, бұл мүмкіндіктің қаншалықты маңызды екенін түсіндім. Оның үстіне, мен Италияны іштей әрдайым ұнататынмын. Сол себепті ата-анам бұл туралы айттым, олар мені үлкен сеніммен қолдады.

Неліктен дәл мені таңдады деген сұраққа келсем, бұл – менің бірнеше жыл бойы жасаған еңбегімнің нәтижесі деп ойлаймын. Ағылшын тілін B2 деңгейінде меңгеруім, GPA көрсеткішімнің 3.8 болуы, студенттік өмірде белсенділік танытып, түрлі жарыстарға қатысуым, сондай-ақ 2024–2025 оқу жылында студенттік президенттің орынбасары қызметін атқаруым – бәрі де үлкен рөл атқарды.

Бастапқыда бұл бағдарламаға қатысу үшін барлық шығындарды өзім көтеремін деп ойладым. Алайда тамыз айында маған республикалық грант ұтқандығы хабарлаған кезде, қуанышым шексіз болды. Бұл жаңалық менің арманымның шындыққа айналған сәті еді.

Дайындық кезеңі де ерекше есте қалды: виза рәсімдеу, Милан қаласынан пәтер іздеу, Алматы–Милан бағытына ұшақ билетін алу, жүк жинау – әр қадам жаңа өмірге бастар жол сияқты сезілді. 14 қыркүйек күні таңғы сағат 5-те мен Миланға ұштым. Әуежайда Сабина есімді қазақ қызымен танысып, екеуміз бірге алғашқы күндерімізді өткіздік.

Миланға келген соң, пәтерге орналасып, сабақ басталғанша қаланың әсем көшелерін аралап, жаңа ортаға бейімделе бастадық. 19 қыркүйекте IULM университетінде студенттерге арналған таныстыру жиыны өтті. Ал 22 қыркүйек – менің алғашқы оқу күнім болды.

Бұл жерде мен әртүрлі елден келген студенттермен және тәжірибелі профессорлармен таныстым. Әсіресе, “Туризм географиясы” пәнінің профессоры Джованни Байочетти ерекше әсер қалдырды. Сонымен қатар жапондық досым Юто, итальяндық достарым Лия мен Рикардо үнді досым Анурак – менің халықаралық достық шеңберімді кеңейтті.

Еуропадағы білім беру жүйесі де маған жаңа тәжірибе сыйлады. Болондық жүйе бойынша оқу аптасына небәрі 3 күн жүргізіледі, сабақтар негізінен лекция форматында өтеді. Әр лекция шамамен 3 сағатқа созылып, арасында 15 минуттық үзіліс болады. Күніне 1 немесе 2 пән ғана оқытылады, бұл білімді терең әрі сапалы меңгеруге мүмкіндік береді.

Осы мүмкіндік арқылы мен тек Милан қаласында оқып қана қоймай, Еуропаның бірнеше әсем қалаларын аралап үлгердім. Италияның Рим мен Венеция қалалары, Францияның Париж, Австрияның Вена қаласы, Швейцарияның Лугано қаласы – әрқайсысы өз ерекшелігімен жүрегімде сақталып қалды. Бұл сапарлар менің дүниетанымымды кеңейтіп, туризм саласына деген қызығушылығымды одан әрі арттырды.

Италияға алғаш аяқ басқан сәтте мен өзімді дәл керек жерде жүргендей сезіндім. Әрине, туған жерімнен ыстық ештеңе жоқ. Бірақ кейде өмірде өзіңді дұрыс уақытта, дұрыс орында жүргендей сезіну ерекше әсер береді. Милан – тарихы терең, мәдениеті бай, шабыт сыйлайтын қала. Мұнда әр студент үшін жаңа мүмкіндіктер мен болашаққа ашылатын есіктер бар.

Сондықтан, егер сіз де шетелде білім алуды армандап жүрсеңіз – қорықпаңыз, тәуекел етіңіз. Себебі мұндай тәжірибені тек барып, өз көзіңізбен көріп, жүрегіңізбен сезінгенде ғана толық түсінуге болады. Менің бастан өткерген сезімдерімді дәл солай сезіну үшін, сол жолды өзіңіз де жүріп өтуіңіз керек.

Рамазан Сания Айбекқызы, «Туризм» мамандығының 3 курс студенті

Академиялық ұтқырлық – жаңа мүмкіндік



Студенттік кезең – адам өміріндегі ең қызықты, түрлі мүмкіндіктерге толы ұмытылмас уақыт. Жастар білім ордасында лекция тыңдап қана қоймай, мақсаты бір замандастарымен дос болады, тұлғалық қабілеттерін дамытады және жан-жақты шымырланады.

Жастық шақта адамның болашағына әсер ететін шешімдер қабылданатындықтан, оны дұрыс әрі саналы түрде өткізген абзал. Бұл мақалада мен өз студенттік өмірімнің ең жарқын кезеңі – академиялық ұтқырлық бағдарламасымен Оңтүстік Корея мемлекетінде өткізген бір семестрім жайлы ақпаратпен бөлісіп, жинаған тәжірибем туралы ой қозғаймын. Екінші курс оқып жүргенімде академиялық ұтқырлық бағдарламасына құжаттарымды тапсырып, бағымды сынап көрдім: шет тілі педагогикалық факультеті студенттері үшін Германия, Швейцария, Оңтүстік Корея, Түркия және Малайзия сияқты мемлекеттерде бір семестр көлемінде білім алуға мүмкіндік туды. Менің таңдауым Оңтүстік Корея мемлекетінің

Чонджу қаласында орналасқан Jeonbuk National University-ге түсті. Бағдарлама нәтижесі бойынша осы университетке қабылданып, 2025 жылдың қыркүйегінде оқуға кірістім. Оңтүстік Кореяға келген соң, JBNU әкімшілігі шетелдік студенттерге арнап университеттегі білім беру системасын кампусстардың орналасуын, жеке сабақ кестесін құру барысын түсіндіретін конференция ұйымдастырып, 3-курстың бірінші жартысын жаңа елде, таңсық оқу ордасында, мыңдаған шетелдіктердің арасында бастадым. Қорқыныш та, өзекті өртеген қызығушылық та болды.

Jeonbuk National University-дің территориясы өте үлкен, әр факультетке жеке ғимарат арналған, үлкен стадион, парк, бірнеше кітапханалар, тіпті дүкендер де бар!

Былайша айтқанда, студенттер өздерін жайлы сезініп, жақсы уақыт өткізулеріне, белсенді спортпен айналысуларына барлық жағдай жасалған. Маған университеттің орналасуы, ағаштардың көптігі, білім ордасындағы халықаралық атмосфера қатты ұнады. Алғашқы күндерден бастап, сабақтарда бірге отырған Индонезия, Қытай, Өзбекстан, Қырғызстан, Таиланд, Үндістан, Аргентина, Италия және Оңтүстік Корея азаматтарымен тіл табысып, жақсы дос болып кеттік. Сабақ кестесін өзім құрғандықтан, күнімді жоспарлау өте ыңғайлы болды. Өзім қызыққан сабақтардың уақытын, күнін, өтетін орнын, тіпті сабақ беретін профессорды таңдау мүмкіндігі де болды. Мен шотландиялық, филиппиндық, корейлік және американдық профессорлардан тәлім алдым. Бұндай тәжірибелі, жан-жақты ұстаздардың сабақтарына қатысу, олармен идея алмасу және кәсіби қабілеттілігімді арттыру – мен үшін үлкен бақыт. Бұл елге келгенімдегі басқа мақсатым – білім алу болғандықтан, мен сабақтардан бірде-бір рет қалмай, бар назарымды оқуға салып, тырысып оқыдым. Нәтижесінде, барлық пәндерден жоғары көрсеткіштерге қол жеткізіп, қорытынды GPA бағам 4.5/4.5 құрады. Академиялық ұтқырлық бағдарламасының арқасында пайдалы, терең білім алдым, өз ісінің нағыз шеберлерінің шәкірті атандым.

Академиялық ұтқырлық бағдарламасына қатысу – өмірімде жасаған ең дұрыс шешімдердің бірі болды. Оңтүстік Корея, Чонджу қаласындағы Jeonbuk National University-де білім алу арқылы мен профессионалды және тұлғалық қабілеттілігімді арттырдым, пайдалы білім алдым, әлемнің түкпір-түкпірінен келген азаматтармен дос болдым және өмір бойына ұмытылмас халықаралық тәжірибе жинадым. Кореяның бірнеше қаласына саяхаттап та үлгердім. Шетелдік университеттермен сәтті серіктестік құрып, аталмыш бағдарламаны мүмкін еткен білім ордам – ҚазХҚЖӘТУ-ге алғысым шексіз.

Тұрғали Мадина, 3-курс студенті
ББ «Шет тілі: Екі шет тілі»

Бірлік пен достық мерекесі

1 мамыр – бірлік пен достық мерекесі.

Қазақстан халқының бірлігі күні еліміздегі ең маңызды мерекелердің бірі болып саналады. Бұл күн түрлі ұлт пен ұлыс өкілдерінің татулығы мен достығын дәріптейтін ерекше мейрам. Қазақстан көпұлтты мемлекет болғандықтан, халық арасындағы ауызбіршілік пен өзара құрмет қоғам үшін аса маңызды құндылық болып есептеледі. Сондықтан бұл мереке адамдарды ортақ мақсатқа біріктіріп, бейбіт өмірдің қадірін түсінуге шақырады. Жыл сайын 1 мамыр мерекесі еліміздің барлық аймақтарында кең көлемде аталып өтеді. Бүгінгі елімізде күні қалалар мен ауылдарда концерттер, көрмелер, спорттық жарыстар және мәдени іс-шаралар ұйымдастырылады. Өртүрлі этномәдени орталықтардың өкілдері ұлттық киімдерін киіп, өз халықтарының салт-дәстүрін, әні мен биін көрсетеді.

Мерекелік алаңдарда адамдар бір-біріне жақсы тілектер айтып, достық пен бірліктің маңызын насихаттайды. Қазақстан халқының бірлігі күні – тек көңіл көтеретін мереке ғана емес, елдегі тұрақтылық пен ынтымақтың белгісі. Бұл күні халық бір-біріне құрмет көрсетіп, өртүрлі мәдениеттердің ерекшелігін танып білуге мүмкіндік алады. Мектептер мен жоғары оқу орындарында арнайы тәрбие сағаттары өткізіліп, жастарға татулықтың маңызы түсіндіріледі. Сонымен қатар мәдени орталықтар ұлттық тағамдар жәрмеңкесін ұйымдастырып, келушілерге әр халықтың дәстүрлі ас мәзірін ұсынады.

Мереке қарсаңында көшелер түрлі түсті жалаулармен және безендірулермен сәнделеді. Алаңдарда мерекелік сахналар орнатылып, өнерпаздар халыққа ән айтып, би билейді. Кей жерлерде қайырымдылық шаралары өткізіліп, көмекке мұқтаж жандарға қолдау көрсетіледі. Бұндай мерекелер адамдарды жақындастырып, мейірімділікке үндетінін көрсетеді.

1 мамыр мерекесін адамдар ерекше ықыласпен қарсы алады. Отбасылар демалыс күнін бірге өткізіп, серуендеуге шығады. Достар мен туыстар бір-бірін құттықтап, жылы лебіздерін білдіреді. Әлеуметтік желілерде де халық бірлік пен татулық туралы жазбалар жариялап, мерекелік көңіл күймен бөліседі. Сондықтан еліміздегі 132 ұлттан астам ұлт өкілі халықтар арасындағы достық пен келісімді нығайтатын маңызды мереке деуге болады. Бұл күн әр адамға бейбітшілік пен ынтымақтың қадірін еске салады. Бірлігі бекем ел ғана болашаққа нық қадам жасай алады. Қазақстан халқының бірлігі күні – барша халықты татулыққа, сыйластыққа және ортақ құндылықтарды құрметтеуге шақыратын ерекше мейрам.

Өмірзақ Қарлығаш,
1 курс, ББ «Журналистика»

Жеңіс күні: өткеннің қасіреті – бүгіннің аманаты

Алдымызда келе жатқан 9 мамыр – тек мереке емес. Бұл – тарихтың ауыр беттері, адам тағдыры, көз жасы мен ерлік қатар өрілген күн. Жеңіс күні – біз үшін жай ғана демалыс немесе салтанатты шара емес, ол – өткенге тағзым, бүгінге сабақ, болашаққа аманат.

Мен үшін бұл күннің орны ерекше. Себебі менің нағашы үлкен атам – Дүзбаев Ақария (1916-1973) да осы сұрапыл соғыстың куәсі болған жан. Оның тағдыры – мыңдаған қазақ жауынгерінің тағдырының бір бөлігі ғана емес, сол дәуірдің тірі шәжіресі.

Дүзбаев Ақария Жетісу өңіріндегі Сарқанд қаласына қарасты Қарауылтөбе ауылында дүниеге келген. Қарапайым ауыл баласы болып өсіп, еңбекке ерте араласқан. Балалық шағы ауыл тіршілігімен, маңдай термен өтті.

1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталғанда, ол жап-жас шағында майданға аттанды. Қолына қару алып, елің жерін қорғау үшін пехоталық әскер құрамында соғысқа кірді. Жау әскердің жолы ең ауыр жолдардың бірі еді – олар мыңдаған шақырымды жаяу жүріп, окоп қазып, алғы шепте шайқасты. Ақария ата да осы ауыр жолдан өтті. Ол Украина, Беларусь жерлерін азат ету ұрыстарына қатысып, Германияға дейін жеткен.

Соғыс жылдары оның көрген қиындықтарын сөзбен жеткізу мүмкін емес: аштық, суық, үздіксіз шабуыл, ұйқысыз түндер – бәрі оның өмірінің бір бөлігіне айналды. Күн сайын өліммен бетпе-бет келіп, соған қарамастан алға ұмтылу – нағыз ерліктің белгісі еді.

1944 жылдың күзінде ол ауыр жарақат алып, елге оралды. Оң қолынан жараланып, мүгедек болып қайтты. Қолына тиген жарақат салдарынан қолы толық жазылмай қалды. Ең ауырсы – оның кеудесінде қалған мина сынығы (осколка) өмірінің соңына дейін бірге болды. Бұл – соғыстың оның денесінде қалған ізі ғана емес, жүрегіңдегі жараның белгісі еді.

Соғыс жылдарындағы ерлігі мен батылдығы үшін Дүзбаев Ақария бірнеше марапаттарға ие болды. Солардың қатарында:

- «Ерлігі үшін» медалі
- «Жауынгерлік еңбегі үшін» медалі
- «1941–1945 жж. Ұлы Отан соғысындағы Жеңісі үшін» медалі
- сондай-ақ мерейтойлық ордендер мен алғыс хаттар

Бұл марапаттар – оның майдандағы жанқиярлығы мен Отанға деген адалдығының дәлелі.

Соғыстан кейін ол ауылына оралып, бейбіт өмірге бейімделді. Денсаулығына қарамастан еңбек етіп, отбасы құрып, ұрпақ өсірді. Ол ешқашан тағдырына шағымданған емес. Керісінше, өмірдің әр сәтін бағалап, сабыр мен төзімділіктің үлгісін көрсетті.

Сол кездегі жауынгерлердің арманы бір ғана болды – елді қорғау, болашақ ұрпақтың бейбіт өмір сүруі. Олар өз өмірін емес, келешекті ойлады. Қазақстанның ербір тасы мен топырағы олар үшін қасиетті еді.

Бүгінде біз сол ерліктің мөнін толық сезіне бермейміз. Себебі біз соғысты көрген жоқпыз. Бірақ бізде бір үлкен міндет бар – ұмытпау. Ербір батырдың есімі, ербір тағдыр – тарих. Ал тарихты ұмытқан елдің болашағы бұлыңғыр.

Мен үшін Жеңіс күні – атамды еске алу күні. Оның ерлігі – менің мақтанышым. Оның тағдыры – менің жүрегімдегі мәңгілік естелік.

Сондықтан 9 мамырда тек гүл қойып қана қоймай, бір сөз ойланyp көрейік: бізге бейбіт өмір сыйлаған жандар қандай қиындықты бастан өткерді? Біз сол сенімге лайықпыз ба?

Сауап әркімнің өз жүрегіңде.

Гпуова Айбарша,
1 курс, ББ «Журналистика»

Шығыстану факультеті студенті - республикалық терминологиялық байқаудың жүлдегері

Қаскеев Санжар, «Шетел филологиясы» білім беру бағдарламасының 3-курс студенті, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты мен Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық ғылым академиясы ұйымдастырған халықаралық ғылыми-теориялық конференция аясында өткен республикалық терминологиялық байқауда құрметті III орын иегері атанды.



Бұл жетістік ерекше мәнге ие, себебі жас зерттеуші еліміздің жетекші академиктері, профессорлары мен ғылым докторларымен бір ғылыми алаңда баяндама жасап, өзінің жоғары дайындық деңгейін, терең білімін және ғылыми тақырыпты еркін меңгергенін көрсетті.

Конференция барысында қатысушылар қазақ тілінің ұлттық терминологиялық қорын стандарттау және цифрландыру мәселелерін талқылады. Осындай жоғары деңгейдегі ғылыми пікірталасқа қатысу студент үшін құнды тәжірибе ғана емес, сонымен қатар ғылыми-зерттеу жолындағы маңызды қадам болды.

Қаскеев Санжар жетістігі Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және өлем тілдері университеті білім алшыларының сапалы даярлығын, сондай-ақ жастардың ғылымға, зерттеу қызметіне және ұлттық тілмұрасын сақтауға деген ұмтылысын айқын көрсетеді.

Жеңімпазды лайықты жетістігімен құттықтай отырып, алдағы уақытта жаңа ғылыми табыстар мен биік белестер тілейміз!

Д.В. Ершова,
Шығыстану факультетінің
декан орынбасары

Асанәлі Әшімов – халық жадындағы өшпес бейне



Қазақ руханияты туралы сөз болғанда, ұлттық өнердің өрісін кеңейтіп, сахна мәдениетін жаңа деңгейге көтерген дара тұлғалар ойға оралады. Сол шоқтығы биік қайраткерлердің бірі – Асанәлі Әшімов. Ол актерлік шеберлігімен ғана емес, терең парасаты мен азаматтық ұстанымымен де ел құрметіне бөленген өнер иесі.

Әсіресе Қыз Жібек фильміндегі Бекежан бейнесі – оның ең есте қаларлық, көркем талданатын рөлдерінің бірі. Бұл кейіпкер қазақ кино өнеріндегі күрделі, ішкі қайшылығы мол образ ретінде бағаланады.

Бекежан сырт көзге ер мінезді, батыл, намысшыл жігіт болып көрінгенімен, ішкі әлемі арпалысқа толы, сезім мен қызғаныш жетегіндегі жан ретінде ашылады. Асанәлі Әшімов бұл бейнені тек жағымсыз кейіпкер деңгейінде қалдырмай, адам психологиясының терең қабаттарын көрсететін күрделі тұлға ретінде сомдады. Ол махаббат пен намыстың тартысын, ішкі күйзелісті шынайы жеткізіп, көрерменді бір сәтте әрі жирендіріп, әрі аяушылық сезіміне жетеледі. Осы рөл арқылы қазақ киносына жаңа көзқарас енді: кейіпкерді тек ақ немесе кара деп бөлу шарт емес, әр адамның болмысында қайшылық қатар өмір сүретіні айқындалды. Бекежан образы махаббат, қызғаныш және адам өлсіздігінің салдарын терең ойлататын деңгейге көтерілді.

Сондықтан бұл бейне уақыт өткен сайын құнын жоғалтпай, психологиялық тереңдігімен ерекшеленетін классикалық кейіпкерлер қатарына қосылды.

Театр мен кино кеңістігінде сомдаған сан алуан образдары көрермен жадында өшпес із қалдырды. Әр рөл – дәуір тынысын, қоғам болмысын дәл танытқан көркем туынды іспетті. Кейіпкер жан дүниесін шынайы ашуы – шеберлігінің басты белгісі. Осы себепті шығармашылығы ұлттық мәдениеттің баға жетпес қазынасына айналды.

Бүгінде оның өнер жолы жас ұрпақ үшін рухани бағдар болып отыр. Шекірттері негізін қалаған «Жаңа ғасыр» театры – сол сабақтастықтың айқын дәлелі. Бұл ұжым сахнада мазмұнды қойылымдар ұсынып, қоғамдағы өзекті мәселелерді өнер тілімен жеткізіп келеді. Қойылым соңындағы үңсіз сәт те ерекше мәнге ие. Ол – сахнаға, ұстаз рухына деген терең құрметтің белгісі. Өнер иесі тек сахнамен шектелмей, тәлімгерлік жолында да айқын із қалдырды. Оның мектебінен өткен шекірттер бүгінде ел мәдениетінің дамуына үлес қосып жүр. Олар – ұлттық өнерді жалғаушы буын.

Тағдырдың түрлі сынағына қарамастан, ол өз ұстанымынан айныған жоқ. Айтқан ойлары мен өмірлік бағыты бүгінгі күнге де бағыт-бағдар беретін құндылыққа айналды.

Қазіргі таңда есімі халық жадында сағынышпен аталады. Себебі мұндай тұлғалар сирек туады. Уақыт өткен сайын мұрасы жаңғырып, жаңа буынға рух береді.

Асанәлі Әшімов – тек есім емес, тұтас бір дәуірдің рухани келбеті. Оның өнері мен өнегесі қазақ мәдениетінің алтын арқауына айналып, мәңгілік жасай бермек.

Әлібек Диана, 1 курс,
ББ «Журналистика»

Қазіргі білім беру жүйесінің өзекті мәселелері

Бүгінгі күні білім беру сапасы қоғамда жиі талқыланатын тақырыптардың біріне айналып отыр. Әсіресе мектептегі білімнің мазмұны мен оқыту тәсілдері заман талабына қаншалықты сәйкес келетіні туралы сұрақтар көбейген. Себебі білім деңгейі тек жеке адамның емес, тұтас елдің болашағына тікелей әсер етеді.

Алматы қаласында да бұл мәселе өзекті күйінде қалып отыр. Мысалы, зерттеулерге сәйкес, 7-11 сынып оқушылары аптасына орта есеппен 30–35 сағат оқу жүктемесін алады, оның 65%-ы теориялық сабақтарға жымсалыды, ал практикалық тапсырмалар мен жобаларға тек 35% уақыт бөлінеді. Бағдарламаның күрделілігі және теориялық бағыттың басым болуы білімді толық меңгеруге кедергі келтіріп отыр деген пікірлер жиі айтылады. Кейбір ата-аналар балалардың алған білімін өмірде қолдануда қиындықтарға тап болатынын алға тартады. Мұғалімдер болса, уақыттың шектеулігін және бағдарламаның тығыздығын мәселе ретінде көрсетеді.

Зерттеулерде оқушылардың шамамен 40%-ы ақпаратты тек жаттауға бейімделіп, оны талдау мен қолдану дағдылары жеткілікті дамымай жатқаны айтылады. Білім саласындағы мамандар оқыту жүйесінде тәжірибелік бағытты күшейту қажет екенін жиі көтереді. Сонымен қатар, педагогтердің пікірінше, цифрлық технологияларды тиімді пайдалану (мысалы, онлайн платформалар мен интерактив құралдарға аптасына 5–6 сағат) білім сапасын арттыруға ықпал етуі мүмкін.

Журналистік бақылау көрсеткендей, бұл мәселе тек мектеппен шектелмейді. Қоғамда білімге деген көзқарас та маңызды рөл атқарады. Кей жағдайда баға үшін оқу, формалды талаптарды орындау басым түсіп жатады. Ал білімнің шынайы құндылығы екінші орынға ысырылып қалуы мүмкін.

Білім беру саласына қатысты айтылған пікірлер мен зерттеулерді ескере отырып, мамандар оқыту мазмұнын жаңарту, оқушының жеке қабілетіне назар аудару және мұғалімнің кәсіби қолдауын күшейту қажеттігін атап өтеді. Мысалы, бағдарламалардағы практикалық сабақтарды 15–20% көбейту және мұғалімдерге кәсіби даму үшін айына 8–10 сағат қосымша семинар өткізу білім сапасын арттыруға мүмкіндік беретіні жиі айтылып жүр.

Азимбай Зубаржат
1-курс, ББ «Журналистика»

Өрнекке өрілген ұлт жаны



Қазақтың қолөнері - көзге көрінбейтін, бірақ ұлттың жадында катталған мәңгілік мәтін. Оны оқу үшін әр өрнектің сызығына үңілу керек, әр бұйымның болмысын түсіну керек. Өйткені бұл-ағашқа ойылған, киізге басылған, күміске қашалған тарих. Жаһандану жалыны жер бетін біртіндеп біртекті қалыпқа түсіріп жатқан шақта, қазақ қолөнері-жұтылуға қарсы тұрған рухани қамалы дерсің.

Қазақ қолөнерінің бастауы - уақыттың арғы бетінде. Сақ пен ғұн заманынан жеткен жәдігерлер-соның тілсіз куәсі. Алтынмен апталған аң бейнелері, иірілген өрнектер-жай әшекей емес, дүниені танудың өзіндік формасы.

Көшпелі өмірдің кеңістігінде бұл өнер тұрмыстың ғана емес, танымның да өзегіне айналды. Киіз үйдің керегесінен бастап, әйелдің білезігіне дейін бәрінде де белгілі бір мағына, белгілі бір белгі бар. Қазақ ешқашан затты жай жасамаған, әр бұйымға жан бітірген.

Қазіргі кезеңде қолөнер жаңа сипатқа ие болуда. Бірақ оның өзегі өзгерген жоқ. Өзгергені-уақыттың талабы, тұтынушының талғамы ғана. Бүгінгі шебер-тек орындаушы емес, ол-дәстүр мен заманды жалғаушы.

Қала өміріне бейімделген киіз бұйымдар, ұлттық өрнекпен жаңаша сөйлеген әшекейлер-соның айғағы. Бұл-өткеннің көшірмесі емес, өткенмен сұхбат.

Қолөнер шебері Айгүл Сейітова бұл туралы:

«Біз кейде дәстүрді қатырып тастаймыз. Ал дәстүр-тірі ағза. Ол тыныстауы керек. Егер оны бүгінгі күнмен байланыстырмасақ, ол ертең тарихтың шаңына көміледі», - дейді.

Қазақ қолөнерінің ең үлкен құндылығы-оның тәрбиелік қуатында. Әрбір ою-тек сәндік белгі емес, ұлттың ойлау жүйесінің көрінісі. «Қошқар мүйіз» - береке, «түйе табан» - төзім, «ирек су» - өмірдің ағысы.

Баланың қолына ине беру-оны еңбекке баулу ғана емес, оны ұлттың тіліне үйрету. Себебі қолөнер-сөзсіз сөйлейтін тәрбие құралы. Ол арқылы ұрпақ өз тамырын сезінеді.

Бүгінде қолөнер тек мәдени қабатта қалып отырған жоқ. Ол экономикалық айналымға еніп келеді. Әсіресе этнотуризм аясында ұлттық бұйымдарға деген сұраныс артып отыр.

Шетелдік турист үшін қазақтың қолөнері-экзотика емес, тірі мәдениет. Ол тек сатып алатын зат емес, ол тәжірибе. Киіз басу, ою, зергерлік жасау процесіне қатысу турист үшін ұмытылмас әсер.

Бұл бағытты жүйелі дамыту, ауыл ел экономикасын көтерудің де бір жолы. Өйткені қолөнер жергілікті жерде жасалатын, сол жерде табыс әкелетін кәсіп.

Қазақ қолөнері өткеннің көлеңкесі емес, бүгіннің жарығы. Ол-ұлттың үнсіз сөйлейтін тілі, жоғалса-орны толмайтын рухани кеңістік.

Өрнекті жоғалту-ойды жоғалту. Ал ойы жоғалған ұлт уақыттың шетіне ығысады.

Сондықтан қолөнерді сақтау, жәдігерді сақтау ол Қазақ ұлтын сақтау.

Балжан Бауыржанқызы,
1-курс, ББ «Журналистика»

Жастарға әлеуметтік желілердің әсері

Қазіргі уақытта әлеуметтік желілер жастардың күнделікті өмірінің маңызды бөлігіне айналды. Интернеттің дамуы мен смартфондардың көбеюі әлеуметтік желілерді пайдалануды одан әрі арттырды. Бүгінде жастар бос уақытының едәуір бөлігін әлеуметтік желілерде өткізеді. Бұл платформалар арқылы адамдар бір-бірімен байланысып, ақпарат алып, өз ойларымен бөліседі.

Зерттеулерге сүйенсек, әлемде 4,5 миллиардтан астам адам әлеуметтік желілерді пайдаланады. Соның ішінде ең белсенді жастар өткізеді екен. Көптеген студенттер күніне орта есеппен 3–5 сағат уақытын әлеуметтік желілерде өткізеді. Әсіресе жастар арасында кең тараған платформалар – Instagram, TikTok, YouTube және Telegram. Бұл желілер арқылы адамдар фото, видео, жаңалықтар жариялап, өзара пікір білдіріп, ақпарат бөліседі.

Әлеуметтік желілерде пайдаланатын жастар көп. әрі бұл платформалардың пайдалы жақтары айтарлықтай. Біріншіден, ол ақпаратты тез алуға мүмкіндік береді. Мысалы, студенттер оқу материалдарын, бейнесабақтарды және ғылыми мақалаларды оңай таба алады. Көптеген университеттер мен білім беру ұйымдары әлеуметтік желілерде өз парақшаларын жүргізіп, студенттерге қажетті жаңалықтарды жариялайды. Сонымен қатар, әлеуметтік желі арқылы онлайн курстарға қатысу, шетелдік мамандардың лекцияларын көру мүмкіндігі бар.

Екіншіден, әлеуметтік желі жастардың шығармашылық қабілетін дамытуға көмектеседі. Кейбір жастар блог жүргізіп, өз талантын көрсетеді: ән айтады, сурет салады, пайдалы кеңестер береді немесе білімдік контент жасайды. Кей жағдайларда бұл хобби тіпті табыс көзіне айналуы мүмкін.

Алайда, әлеуметтік желілердің кері әсерлері де бар. Психологтардың айтуынша, әлеуметтік желіні шамадан тыс пайдалану адамның психологиялық жағдайына әсер етуі мүмкін. Кейбір жастар өз өмірін басқа адамдардың өмірімен салыстырып, өзіне деген сенімін жоғалтады. Сонымен қатар, ұзақ уақыт телефонға қарау көздің шаршауына, ұйқының бұзылуына және уақытты тиімсіз өткізуге әкеледі.

Тағы бір маңызды мәселе – жалған ақпараттың таралуы. Әлеуметтік желілерде кейде тексерілмеген немесе шындыққа сәйкес келмейтін

мәліметтер таралады. Егер адам ақпаратты тексермей қабылдаса, бұл қоғамда қате пікір қалыптастыруы мүмкін. Сондықтан медиа сауаттылық, яғни ақпаратты дұрыс талдай білу – қазіргі жастар үшін өте маңызды дағды.

Сонымен қатар, әлеуметтік желілер жастардың қарым-қатынас мәдениетіне де әсер етеді. Кейбір адамдар онлайн сөйлесуге үйреніп, шынайы өмірдегі қарым-қатынасқа аз көңіл бөлуі мүмкін. Бұл достық байланыстар мен қоғамдағы қарым-қатынасқа да ықпал етеді.

Сондықтан әлеуметтік желілерді дұрыс және саналы пайдалану өте маңызды. Егер жастар уақытын тиімді жоспарлап, әлеуметтік желілерді білім алу, тәжірибе жинау және пайдалы ақпарат табу үшін қолдана, ол үлкен мүмкіндікке айналады. Қазіргі қоғамда әлеуметтік желілерді толықтай пайдаланбау мүмкін емес, бірақ оны дұрыс пайдалану – әр адамның жеке жауапкершілігі.

Ербол Жібек,
1 курс студенті ББ «Журналистика»

Нашақорлық – адамзат алдындағы жаһандық мәселе



Бүгінгі қоғамда адамзат алдында тұрған ең өзекті мәселелердің бірі – нашақорлық. Бұл тек бір адамның ғана емес, бүкіл қоғамның болашағына қауіп төндіретін күрделі проблема. Есірткіге тәуелділік адамның денсаулығына ғана емес, оның психологиялық жағдайына, отбасысына және қоғамдағы орнына да үлкен зиян келтіреді. Нашақорлықтың салдары ұзақ уақыт бойы сақталып, адамның өмір сапасын төмендетеді және оның толыққанды өмір сүруіне кедергі келтіреді.

Қазіргі кезеңде есірткі заттарының таралуы әлемнің көптеген елдерінде байқалады. Әсіресе жастар арасында бұл мәселе жиі кездеседі. Кейбір жасөспірімдер қызығушылықтың әсерінен немесе достарының ықпалымен есірткіні қолданып көреді. Кейбіреулері өмірлік қиындықтардан, отбасының немесе қоғамның қысымынан шығу жолын таба алмай, есірткіге жүгінеді. Сонымен қатар, әлеуметтік желілер мен интернет арқылы зиянды ақпараттың таралуы да бұл мәселені ушықтыра түсуде. Алайда уақыт өте келе бұл әдет тәуелділікке айналып, адам өмірін толықтай өзгертіп жібереді. Нашақорлық адамның денсаулығын әлсіретіп қана қоймай, оның қоғамнан шеттетілуіне, түрлі құқықбұзушылықтарға баруына себеп болуы мүмкін.

Нашақорлық тек жеке адамның емес, бүкіл қоғамның мәселесі болып табылады. Ол экономикалық шығындарға әкеліп, медициналық жүйеге қосымша жүктеме түсіреді және құқық қорғау органдарының жұмыс көлемін көбейтеді. Сонымен қатар, есірткіге тәуелділік қылмыс деңгейін жоғарылатып, отбасылық қатынастарды бұзуы және жастардың болашағына кері әсер етуі мүмкін. Мұндай жағдайлар қоғамдағы әлеуметтік тұрақтылыққа да қауіп төндіреді. Бұл мәселе жаһандық сипатқа ие, себебі есірткі контрабандасы мен заңсыз сауда бүкіл әлем бойынша таралған.

Мемлекеттер нашақорлықпен күресу үшін түрлі бағдарламалар енгізіп, алдын алу шараларын жүзеге асыруда. Мектептер мен университеттерде түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, жастарға салауатты өмір салтын ұстанудың маңыздылығы жеткізіледі. Сонымен қатар, медициналық және психологиялық қолдау көрсету, реабилитациялық орталықтарды дамыту арқылы адамдарды есірткіден арылтуға тырысады. Қоғамдық ұйымдар мен еріктілер де бұл бағытта белсенді жұмыс жүргізіп, ақпараттық науқандар ұйымдастыруда.

Бұдан бөлек, нашақорлықтың алдын алуға отбасының рөлі ерекше маңызды. Ата-ананың балаға дұрыс тәрбие беруі, оның бос уақытын тиімді ұйымдастыруы және ашық қарым-қатынас орнатуы – жасөспірімдердің зиянды әдеттерден аулақ болуына ықпал етеді. Сондай-ақ, спортпен айналысу, шығармашылықпен шұғылдану және пайдалы хоббилер адамның өмірге деген қызығушылығын арттырып, теріс жолдан сақтайды.

Нашақорлықпен күресу – бүкіл қоғамның ортақ міндеті. Әр адам өз денсаулығын бағалап, зиянды әдеттерден аулақ болуы керек. Отбасы мен қоғам қолдау көрсетсе, жастардың есірткіге тәуелді болу қаупі айтарлықтай төмендейді. Тек сонда ғана біз болашақ ұрпақ үшін қауіпсіз әрі дені сау қоғам қалыптастыра аламыз.

Рысбекова Асема,
1 курс, ББ «Журналистика»

Аспандағы бақылау Алматыда патрульдік дрондар іске қосылды



2026 жылғы 21 ақпаннан бастап Алматы қаласында және Алматы облысының қалааралық жолдарында қоғамдық тәртіп пен жол қауіпсіздігін бақылау үшін патрульдік дрондар қолданыла бастады. Жаңа технология құқықбұзушылықтардың алдын алып, заң мен тәртіпті сақтауға бағытталған.

Дрондар жол қозғалысын әуеден бақылауға мүмкіндік береді. Олар көліктің жылдамдықты шамадан тыс асыруын, қызыл жарыққа өтуін, нөмірсіз көліктердің қозғалуын сияқты жол ережесін бұзу жағдайларын тіркей алады. Сонымен қатар, дрон арқылы жаяу жүргіншілердің белгіленбеген жерден жолдан өтуі, қоғамдық орындарда темекі шегуі, қоқыс тастау секілді өкімшілік құқықбұзушылықтарды да анықтай алады. Бұл бақылау тәсілі құқық қорғау органдарына оқиға орнына жедел әрекет етуге мүмкіндік беріп,

құқықбұзушылықтардың алдын алуға тиімді құралға айналып отыр.

Қазіргі уақытта дрондар құқықбұзушылықтарды тіркеу және бақылау үшін қолданылады, бірақ болашақта бұл жүйеге жасанды интеллект енгізу жоспарланып отыр. Мұндай технология дрондарға жолдағы жағдайды автоматты түрде талдап, құқықбұзушылықтарды жылдам анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, интеллектуалды жүйелер деректерді жинақтап, талдау арқылы жол-көлік оқиғалары жиі болатын қауіпті аймақтарды анықтауға көмектеседі. Бұл өз кезегінде алдын алу шараларын күшейтіп, жол қозғалысы қауіпсіздігін жаңа деңгейге көтереді.

Сарапшылардың пікірінше, дрондарды енгізу полиция қызметінің тиімділігін арттырып қана қоймай, бақылау жүйесінің ашықтығын қамтамасыз етеді. Әуеден бақылау жүргізушілер мен жаяу жүргіншілердің тәртібіне де оң әсер етіп, олардың жауапкершілігін арттырады. Сонымен қатар, мұндай технология адам факторына тәуелділікті азайтып, құқықбұзушылықтарды тіркеу барысында дәлдік пен өділдікті қамтамасыз етеді.

Дрондардың тағы бір маңызды артықшылығы – олардың төтенше жағдайлар кезінде тиімді қолданылуы. Мысалы, жол-көлік оқиғалары болған жағдайда немесе табиғи апаттар кезінде дрондар оқиға орнын жедел бақылап, нақты ақпаратты орталыққа жеткізе алады. Бұл құтқару және жедел қызметтердің жұмысын үйлестіруге, уақытты үнемдеуге және адам өмірін сақтап қалуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, дрондарды пайдалану экологиялық және экономикалық тұрғыдан да тиімді. Дәстүрлі патрульдік көліктерге қарағанда, дрондар аз шығынды қажет етеді және қоршаған ортаға зияны төмен. Бұл қазіргі заман талаптарына сай тиімді әрі тұрақты шешімдердің бірі болып саналады.

Осы технологиялар арқылы полиция жұмысының тиімділігін арттырып, қоғамдық қауіпсіздікті күшейтеді. Әсіресе, қалааралық жолдарда дрондардың көмегімен жол қозғалысын бақылау жеңілдеп, апаттардың алдын алу мүмкіндігі артады. Сонымен бірге, болашақта бұл тәжірибе еліміздің басқа өңірлерінде де кеңінен енгізілуі ықтимал.

Бүгінде заманауи технологиялар заң мен тәртіпті сақтауда маңызды құралға айналып келеді. Патрульдік дрондардың енгізілуі қауіпсіз қоғам құру жолындағы тағы бір маңызды қадам.

Сұлтан Дінмұхамед Даниярұлы,
1 курс, ББ «Журналистика»

Ұлттық рух пен адамгершілік жыршысы



Қазақ әдебиетінде өділдік пен адамгершілікті жырлаған көрнекті ақындардың бірі – Мұхтар Шаханов. Ол тек ақын ғана емес, сондай-ақ жазушы, қоғам қайраткері және ойшыл тұлға ретінде де танымал. Оның шығармалары қазақ халқының тарихы мен мәдениетін және тәрбиелік мәні бар құндылықтарын терең бейнелейді. Мұхтар Шаханов 1942 жылы

Оңтүстік Қазақстан облысында дүниеге келген. Жастайынан әдебиетке қызығып, өлең жазуға ерте араласқан. Оның поэзиясы шынайылығымен, терең ойымен және өткірлігімен ерекшеленеді. Ақын шығармаларында адам тағдыры, әділдік, махаббат, ұлттық намыс және қоғамдағы өзекті мәселелер кеңінен көрініс табады. Шахановтың шығармалары тек көркемдік жағынан ғана емес, тәрбиелік мәнімен де құнды. Ол жастарды елін сүйуге, дәстүрлі құндылықтарды құрметтеуге және адал өмір сүруге шақырады. Ақынның өлеңдері мен поэмалары оқырманды терең ойға жетелеп, рухани тұрғыдан байытады.

Ақынның қазіргі жігіттерге жігер беретін мына бір өлең жолдары:

“Жас кезінде жалыны жоқ жігіттің,

Ертең ерлік жасарына сенбеймін.”

деген өлең жолдары ұран болып ұсталса, рухтың өзі сол емес пе?!

Мұхтар Шаханов қоғамдық өмірде де белсенді қызмет атқарған ұлы тұлғалардың бірі. Ол қазақ тілінің мәртебесін, халықтық мәдениетті сақтау және қоғамдағы маңызды мәселелерді көтеру жолында көптеген бастамаларға қатысқан ақын, жазушы, журналист ретінде танымал. Бүгінгі күні оның табыл пікірлері мен азаматтық ұстанымы халық арасында үлкен құрметке ие.

Менің ойымша, Мұхтар Шахановтың шығармалары әр адамға үлкен ой салады. Мен журналистика мамандығында оқитын студент ретінде оның өлеңдерін ерекше шабыт аламын. Әсіресе, адамның ішкі жан дүниесін, сезімін және намысын сөз арқылы жеткізу шеберлігі маған қатты әсер етеді. Оның өлеңдеріндегі терең мағына мен шынайылық мені де өз ойымды, сезімімді шығармашылық арқылы жеткізуге ынталандырады. Сондықтан мен үшін Мұхтар Шаханов – тек ақын емес, шабыт пен руханияттың символы.

Бүгінде Мұхтар Шахановтың шығармалары қазақ әдебиетінің алтын қорына енген. Оның еңбектері жас ұрпаққа рухани тәрбие беріп, ұлттық сананы қалыптастыруға үлес қосып келеді. Бүгінгі күні ақынның өмірі мен шығармашылығы ерқашан да өзектілігін жоғалтпайтынына сенемін.

Алпысбай Аяжан
1 курс, ББ «Журналистика»

ҰБТ – мүмкіндік пе, әлде қысым ба?

Қазіргі қоғамда ҰБТ тақырыбы жиі көтеріледі, себебі бұл тек емтихан емес, мыңдаған оқушының болашағына тікелей әсер ететін жүйе. Жыл сайын мектеп бітірушілер осы сынаққа дайындалып, өз өмірінің маңызды кезеңінен өтеді. Сондықтан оның маңыздылығы мен өсері туралы пікірлер әртүрлі.

Бір жағына, ҰБТ – үлкен мүмкіндік. Ол кез келген оқушыға өз білімінің арқасында жоғары оқу орнына түсуге жол ашады. Әсіресе ауыл мен қала арасындағы айырмашылықты азайтып, бөріне бірдей талап қояды. Егер оқушы шынымен дайындалса, жоғары балл жинап, мемлекеттік грантқа ие бола алады. Бұл – әділдікке негізделген жүйе деп ойлаймын. Себебі бұрынғыдай таныс арқылы емес, нақты білім арқылы бағалану – қазіргі заманға сай талап.

Бірақ менің ойымша, ҰБТ-ның ең үлкен мәселесі – оның шамадан тыс маңыз беріліп кетуінде. Қоғамда «барлығы осы тестке байланысты» деген түсінік қалыптасқан. Осыдан кейін оқушы өз өмірін бір ғана емтиханмен байланыстырып қояды. Бұл – үлкен қателік. Себебі адам қабілеті бір тестпен ғана өлшенбейді. Кейбір оқушылар логикадан мықты болса, енді бірі шығармашылыққа жақын болады. Ал тест олардың бар мүмкіндігін толық ашып көрсете алмайды.

Менің байқауымша, ҰБТ-ға байланысты қысым көбіне сырттан келеді. Ата-аналар жоғары балл күтеді, мұғалімдер нәтиже талап етеді, ал оқушы осының ортасында қалады. Кейде бала өз қалауынан емес, қорқыныштан оқиды. «Төмен балл алсам, бәрі не дейді?» деген ой оның сенімін төмендетеді. Нәтижесінде, ол өз білімін көрсету үшін емес, тек қателеспей үшін ғана әрекет етеді.

Көп ата-аналардың ҰБТ-ға қарсы болуы да осыдан деп ойлаймын. Олар баласының бір ғана тестке тәуелді болғанын қаламайды. Сонымен қатар, қазіргі дайындық жүйесі де оңай емес: қосымша курстар, үлкен жүктеме, уақыттың жетіспеуі – мұның бәрі оқушыға ауыр тиеді. Кейбір жағдайларда бала шаршап, күйзеліске түсіп жатады. Бұл жерде білімнен гөрі психологиялық жағдай маңыздырақ болып кетеді.

Тағы бір мәселе – қоғамдағы балла деген көзқарас. Жоғары балл жинағандарды бәрі мақтайды, ал төмен нәтиже көрсеткендер көбіне назардан тыс қалады немесе сынға ұшырайды. Менің ойымша, бұл дұрыс емес. Себебі әр адамның жетістігі әртүрлі болады, ал ҰБТ – соның тек бір ғана бөлігі.

Сондықтан мен ҰБТ-ны тек мүмкіндік ретінде қарастыру керек деп есептеймін. Егер оған өмірдегі жалғыз жол ретінде қарасақ, ол автоматты түрде қысымға айналады. Ал егер оны тек бір кезек, бір мүмкіндік деп қабылдасақ, онда оқушы өзін еркін сезініп, өз нәтижесін жақсырақ көрсете алады.

Ербол Жібек, 1курс, ББ «Журналистика»

52 372 теңге: студент стипендиясы өмір сүруге жете ме?

Қазіргі уақытта студенттер үшін стипендия тек оқу үлгеріміне берілетін марапат қана емес, күнделікті өмірге бағытталған шағын қаржылық қолдау болып саналады. «Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінде» стипендия мөлшері шамамен 52 372 теңгені құрайды. Сырттай қарағанда

бұл тұрақты айлық табыс сияқты көрінгенімен, оның студенттің нақты өмір сүру шығындарын өтеуге жеткілікті екені күмән тудырады.

Қазіргі экономикалық жағдайды ескерсек, студенттің негізгі шығындарына тамақтану, көлік, байланыс қызметтері және оқу құралдары кіреді. Орта есеппен алғанда, тамаққа күнделікті 1 000–3 000 теңге жұмсалады, көлік шығыны 150–300 теңге аралығында. Байланыс пен интернетке айына шамамен 5 000–10 000 теңге, ал оқу құралдары мен қосымша қажеттіліктерге тағы 5 000–10 000 теңге кетеді.

Осылайша, бір студенттің айлық орташа шығыны шамамен 120 000–200 000 теңге аралығын құрайды. Бұл есепте тек негізгі қажеттіліктер ғана қамтылғанын, ал киім-кешек, маусымдық шығындар, денсаулыққа байланысты және өзге де жеке қажеттіліктер кірмейтінін ескеру қажет.

Осы көрсеткіштермен салыстырғанда, 52 372 теңге көлеміндегі стипендия студенттің жалпы шығынының жартысын да жаппайды. Бұл жағдай көптеген студенттерді ата-анасына қаржылай тәуелді болуға немесе қосымша жұмыс іздеуге итермелейді. Ал жұмыс пен оқуды қатар алып жүру көбіне оқу сапасының төмендеуіне, шаршауға және психологиялық қысымға әкелуі мүмкін.

Осылайша, қазіргі стипендия мөлшері студенттің толыққанды өмір сүруіне жеткілікті қаржы көзі емес, тек қосымша қолдау ретінде ғана қарастырылуы мүмкін. Дегенмен, маңызды сұрақ туындайды: студент қаржылық қысымсыз білім ала ала ма?

52 372 теңге – жай ғана сан емес, ол студенттің бір айлық өмірінің шынайы жағдайын көрсететін көрсеткіш. Аялда бүгінгі экономикалық ахуал бұл соманың студенттің негізгі қажеттіліктерін толық қамтамасыз етуге жеткіліксіз екенін айқын көрсетіп отыр.

Мансурова Асем,
1-курс, ББ «Журналистика»

Отанға адал қызмет — азаматтық борыш

7 мамыр — Қазақстан халқы үшін ерекше маңызы бар мерекелердің бірі. Бұл күні біз Отанымыздың тыныштығын күзетіп, ел қауіпсіздігін қамтамасыз етіп жүрген барлық азаматтарға құрмет көрсетеміз. Бұл мерекенің атауының өзі Отан қорғаушыларға деген сый-құрметті білдіреді. Тәуелсіз еліміздің бейбіт өмір сүруі оңайлықпен келген жоқ. Тарихымызда елің, жерің қорғаған батырларымыз аз болмаған. Бүгінде сол батырлардың жолын жалғастырып, Қазақстан Қарулы Күштерінде қызмет етіп жүрген сарбаздар мен офицерлер бар. Олар күндіз-түні ел шекарасын күзетіп, халқымыздың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

Отан қорғаушы болу — үлкен жауапкершілік пен абырой. Әскерде қызмет ету адамның тәзімділігін, батылдығын және тәртіптілігін қалыптастырады. Бұл — нағыз ер азаматқа тән қасиеттер. Сондықтан да бұл мереке тек әскери қызметкерлердің ғана емес, елін сүйетін әрбір азаматтың мерекесі деп айтуға болады. Мен 11-сынып оқушысы ретінде: «Отанын қорғау — әр ер баланың міндеті» деп айта аламын. Қарулы күштерде қызмет етпесе де, әр адам өз саласында адал еңбек етіп, ел дамуына үлес қоса алады. Өз ісін жауапкершілікпен атқару — бұл да Отанға қызмет етудің бір түрі. Сонымен қатар, бұл күні біз тек қазіргі әскери қызметкерлерге ғана емес, ардагерлерге де алғыс айтамыз. Олар бізге бейбіт өмір сыйлады. Сондықтан олардың ерлігі ешқашан ұмытылмауы тиіс. Қорытындылай келе, 7 мамыр — бұл тек мереке ғана емес, елге деген сүйіспеншілікті арттырып, патриоттық сезімді оятатын ерекше күн. Біз ерқашан Отанымызды мақтан тұтып, оның болашағы үшін жауапты екенімізді ұмытпауымыз керек. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

Жәнібек Әлжан Бауыржанұлы,

Ы. Алтынсарин атындағы N 159 орта мектептің 11 сынып оқушысы, Алматы қ.

Қозы Көрпеш пен Баян Сұлу — мәңгілік махаббат символы

Махаббат — адам баласының бойындағы ең асыл әрі ең нәзік сезім. Әр халықтың өз тарихында осы ұлы сезімнің символына айналған тұлғалары болады. Біздің қазақ халқы үшін бұл — Қозы Көрпеш пен Баян сұлу бейнесі. Соңғы жылдары 15 сәуір «Ғашықтар күні» ретінде аталып өтілуде. Бұл жәй ғана мереке емес, таза сезімді дәріптеудің көрінісі.



Бұл оқиғаның шынайылығын айғақтайтын бірнеше нақты дәлелдер бар. Соның бірегейі — Шығыс Қазақстан облысы, Аягөз өзенінің бойында орналасқан Қозы Көрпеш пен Баян Сұлу кесенесі.

X-XI ғасырлар мұрасына жататын бұл ескерткіш — оқиғаның тарихи негізі бар екенінің бұлтартпас айғағы. Орталық Азиядағы ең көне саналатын бұл кесенені кезінде Шоқан Уәлиханов зерттеп, қабырғасындағы мүсіндерді қағаз бетіне түсіріп кеткен. Сонымен қатар Василий Радлов, Александр Сергеевич Пушкин сынды әлемдік деңгейдегі тұлғалардың өзі кесенені жоғары бағалаған. Осының өзі туындының жалпыадамзаттық құндылық екенін айқындайды. Тіпті, 2011 жылдан бастап 15 сәуір «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» күні ретінде аталып өтілуде. Бұл жырдың қазіргі қоғам үшін де тәрбиелік мәні зор екенін көрсетсе керек.

Түйіндей келгенде, Қозы мен Баян — шынайы махаббаттың нышаны. Олардың арасындағы бір біріне деген сыйластық, кіршіксіз сезім ғасырлар өткен сайын ескірмейтіні анық. Бұл жыр бізді тек сүйуге, махаббатқа ғана емес, сертке адал болуға, адамгершілік қасиеттерді жоғары бағалауға үйретеді. Сол себепті бұл жыр — қазақ халқы барда өзінің мәні мен мағынасын жоғалтпайды.

Ербол Шұғыла Ернарқызы

Ұзақ Бағаев атындағы орта мектептің 11 - сынып оқушысы, Алматы облысы, Кеген ауданы, Алғабас ауылы

Общая редакция – Председатель Правления – Ректор КазУМОиМЯ им. Абылай хана, д. филол. н., профессор, академик НАН РК, С.С. КУНАНБАЕВА

Главный редактор – Проректор по СВВиР к.ф.н., ассоц. проф. Т.В. СЕРЕЖКИНА.

Ответственный редактор – Пресс-секретарь, к.п.н., Р.А. ДЮСУПОВА. Тел.: 292-44-60

Редакционная коллегия – Начальник издательства: Б.А. ЕСЕНГАЛИЕВА, Дизайн-вёрстка: Б.С. КЫНЫРБЕКОВ

Учредитель – АО «Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана».

Газета зарегистрирована в Национальном агентстве по делам печати и массовой информации РК. Свидетельство – № 497, от 25 апреля 1997 г.

Подписано в печать: 28.05.2026 г. Заказ № 3694. Тираж 200 экз. Отпечатано в издательстве «Полилингва» АО «КазУМОиМЯ имени Абылай хана»

050022, г. Алматы, ул. Муратбаева, 200. www.ablaikhan.kz